

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 ақпандағы N 108 Қаулысы

Оңтүстік Қазақстанның тұтынушыларын электр энергиясымен үздіксіз жабдықтау және "Т.И.Батуров атындағы Жамбыл мемлекеттік аудандық электр станциясы" ашық акционерлік қоғамы жұмысының тоқтап қалуын болдырмау мақсатында, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "ҚМГ-Алатау" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Оңтүстік Қазақстанның тұтынушыларын 2005 жылғы қаңтар-наурыз кезеңінде электрмен үздіксіз жабдықтау үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар М-100 отындық мазутты беруші болып белгіленсін.

2. "ҚазТрансГаз" акционерлік қоғамына (келісім бойынша) заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен "ҚазТрансГаз" акционерлік қоғамының қаражаты есебінен 766941000 (жеті жүз алпыс алты миллион тоғыз жүз қырық бір мың) теңге сомасына М-100 отындық мазутты мемлекеттік сатып алу туралы ш а р т ж а с а с у д ы ;

осы қаулыға сәйкес сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаның оңтайлы және тиімді жұ м с а л у қ а ғ и д а т ы н с а қ т а у д ы ;

осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық реестрі В.С.Школьникке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі